АТА-АНАЛАРҒА КЕҢЕС БЕРУ ПУНКТІ

ХАТТАМАСЫ № 4

Күні: «22» желтоқсан 2025 жыл
Өткізілген орны: «Ақ ниет» балабақшасы
Кеңес беру пунктінің тақырыбы: «Сенсорлық ойындар арқылы баланың дамуын қолдау».
Отбасында бала өмірінің қауіпсіздігін сақтау шаралары.
Кеңес беруші: педагог- психолог, тәрбиешілер
Күн тәртібі:
1.«Сенсорлық ойындар арқылы баланың дамуын қолдау».
2.Отбасында бала өмірінің қауіпсіздігін сақтау шаралары.
Тыңдалды:
Бірінші мәселе бойынша педагог- психолог А.Сихова
«Сенсорлық ойындар арқылы баланың дамуын қолдау» тақырыбында ата-аналарға кеңес берілді.
Ата-аналарға сенсорлық ойындардың баланың қоршаған ортаны тануына, заттардың түсін, пішінін, көлемін, құрылымын ажыратуына, ұсақ қол моторикасын және зейінін дамытуға ықпал ететіні түсіндірілді.
Үй жағдайында баламен қарапайым сенсорлық ойындарды ұйымдастыруға болатындығы айтылды. Мысалы: түрлі түсті заттарды сұрыптау, ірі және ұсақ заттарды ажырату, құммен немесе қамырмен ойнау, әртүрлі текстураларды сипап тану, пазлдар мен конструкторлар құрастыру.
Ата-аналарға ойын барысында баланың жас ерекшелігін ескеріп, қауіпсіз материалдарды пайдалану және баланы үнемі бақылауда ұстау қажеттігі ескертілді.
Екінші мәселе бойынша тәрбиешілер өз тараптарынан ақпарат беріп өтті.
«Отбасында бала өмірінің қауіпсіздігін сақтау шаралары» тақырыбында ата-аналарға түсіндіру жұмысы жүргізілді.
Баланың қауіпсіздігі ең алдымен отбасы мүшелерінің жауапкершілігіне байланысты екендігі айтылды. Үйде балаға қауіпті заттарды, дәрі-дәрмектерді, тұрмыстық химиялық құралдарды, өткір және ыстық заттарды баланың қолы жетпейтін жерде сақтау қажеттігі түсіндірілді.
Сонымен қатар электр құралдарын, газ құрылғыларын пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау, терезе мен балкон қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жолда жүру ережелерін үйрету және баланы бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қауіпсіздік талаптарымен таныстыру жөнінде ұсыныстар берілді.
Ата-аналарға төтенше жағдай кезінде сабыр сақтап, балаға қауіпсіз әрекет ету жолдарын жас ерекшелігіне сай түсіндіру қажеттігі айтылды.
Ата-аналарға ұсыныстар:
Баламен күнделікті қарапайым сенсорлық ойындар ұйымдастыру.
Ойындарды баланың жасына және жеке ерекшеліктеріне сәйкес таңдау.
Ойын барысында қауіпсіз, бала денсаулығына зиянсыз материалдарды пайдалану.

Үйдегі дәрі-дәрмек, тұрмыстық химия, өткір және қауіпті заттарды баланың қолы жетпейтін жерде сақтау.
Электр құралдары мен газ құрылғыларын пайдалану кезінде баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
Терезе, балкон және баспалдақ маңындағы қауіпсіздікке ерекше назар аудару.
Баланы жолда жүру және қоғамдық орындардағы қауіпсіздік ережелеріне үйрету.
Балаға бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау кезіндегі қарапайым қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.
Баланың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыруда ата-ана өз іс-әрекетімен үлгі көрсету.

Қаулы:

- Ата-аналарға баланың танымдық және сенсорлық дамуын қолдау мақсатында үй жағдайында сенсорлық ойындарды жүйелі түрде ұйымдастыру ұсынылсын.
- Отбасында бала өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша профилактикалық шаралар тұрақты жүргізілсін.
- Ата-аналарға баланың жас ерекшелігіне сәйкес қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп, күнделікті өмірде бекітіп отыру ұсынылсын.
- Кеңес беру пунктінің маманы ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру жұмыстарын жалғастырсын.

Хаттаманы толтырған: Педагог-психолог Сихова А.О.

Қолы: 